

**Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі туралы  
ҚР ҰБ Төрағасы Т.М. Сүлейменовтің мәлімдемесі  
2024 жылғы 29 тамыз, Астана**

**Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері!**

**Құрметті журналистер!**

**Қайырлы күн.**

**Ұлттық Банкке қош келдіңіздер.**

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені **14,25%** деңгейінде **сақтау** туралы шешім қабылдады.

Шешім нақты деректерді талдау мен тәуекелдер балансын ескере отырып қабылданды. Сонымен қатар инфляция мен экономиканың өсуі бойынша болжамдарымыз жаңартылды.

Шілдеде **жылдық инфляция** өсті, бірақ ол Ұлттық Банктің мамырдағы болжамы шегінде сақталды. Базалық инфляция және маусымдық факторлардан тазартылған инфляция екінші ай қатарынан жеделдеді.

**Сыртқы инфляциялық жағдай қалыпты** деп бағаланып отыр. Жаһандық инфляция бәсеңдеп келеді.

**Ішкі экономикада** инфляциялық қысым күшеюде. Негізгі себеп: тұрғын үй-коммуналдық қызмет саласындағы реформалардың жалғасуы, ішкі ұсыныс мүмкіндіктерінен

артық орнықты ішкі сұраныс және инфляциялық күтулердің жоғары деңгейі.

Мамырдағы болжамға қарағанда, күтілетін жоғары фискалдық импульс инфляцияның таргетке баяу оралуына әкеледі.

Қазіргі таңда айырбастау бағамының жақында ғана әлсірегенін ескерсек, **ағымдағы ақша-кредит шарттары** жұмсарғаны байқалады.

Ақша-кредит шарттарының жұмсаруы ақша нарығы мөлшерлемесінің динамикасымен де расталады. Мәселен, базалық мөлшерлеменің 14,25%-тік деңгейіде ТONIA-ның орташа мәні 13,1% – 13,3% төмен қалыптасады. Жұмсарған ақша-кредит шарттары мөлшерлемені одан әрі төмендету үшін кеңістік ашпайды. Монетарлық шарттардың одан әрі шамадан тыс жұмсаруын болдырмай, өтеу үшін базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейде сақтауды қажет етті.

Жаңартылған болжамдар тәуекел балансының проинфляциялық бағытқа ауысқанын көрсетеді. Бұл базалық мөлшерлемені 2024 жылдың соңына дейін ағымдағы деңгейде сақтап қалуға итермелейді.

**Енді шешім қабылдауға негіз болған факторларға тоқталып өтейін.**

**БІРІНШІ. ИНФЛЯЦИЯ МЕН ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ДИНАМИКАСЫ.**

Инфляция ұзақ уақыт баяулағаннан кейін (былтыр және осы жылдың бірінші жартысы) **жылдық инфляция** шілдеде **8,6%**-ке дейін жеделдеді. Инфляцияның азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын компоненттері тұрақты болып қалды. **Ақылы қызметтер инфляциясы** «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында өсуін жалғастыруда. Сонымен қатар, шілде айында инфляцияның үдеуі тұрғын үйді жалдау ақысы, байланыс, кешенді демалысты ұйымдастыру, әуе көлігі және т.б. нарықтық қызметтер құнының айтарлықтай өсуіне байланысты.

Атап айтқанда, **шілдеде айлық инфляция 0,7%**-ке дейін өсіп, орташа тарихи динамикадан (0,3%) жоғары қалыптасты. **Базалық және маусымдық факторлардан тазартылған инфляция** көрсеткіштері айтарлықтай жеделдеді.

**Инфляциялық күтулер** жоғары көрсеткішпен қалыптасып келеді. Алдағы бір жылға күтілетін инфляция **13,4%** болды. Респонденттер инфляция факторларының ішінде азық-түлік өнімдерімен қатар азық-түлікке жатпайтын тауарлар, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, медициналық қызметтер, интернет және ұялы байланыс бағаларының өскенін айтты.

**Нақты сектор** өкілдері болашақ **инфляцияға** қатысты неғұрлым **ұстамды болжамдарын** жеткізді. Сауалнамаға сәйкес, кәсіпорындар **2024 жылдың үшінші тоқсанында** дайын өнімнің, шикізат пен материалдар бағасының баяу өсетінін болжап отыр. Ал, қаржы нарығының **кәсіби**

**қатысушылары**, өз кезегінде, соңғы зерттеу нәтижелері бойынша **инфляция** осы жылдың соңына қарай **8,0%-ке** жетеді деп күтеді.

Жалпы жылдық инфляцияның ағымдағы траекториясы біздің болжамдарымызға сәйкес келеді және біз оны одан әрі баяулайды деп күтеміз.

### **ЕКІНШІ. ІШКІ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮРДІСТЕР.**

**Іскерлік белсенділік** артып келеді. Бұл биылғы қаңтар-шілдеде 4,1%-ке дейін жеделдетілген қысқамерзімді экономикалық индикатордың динамикасынан көрінеді. Жыл соңына дейін экономиканың одан әрі жеделдеуіне **шикізатқа жатпайтын секторлардың** өсуі ықпал ететін болады. Айта кетсек, қаңтар-шілдеде мұнай саласындағы белсенділіктің төмендеуіне қарамастан **ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібінде** қарқынды өсім болғаны байқалады. Жоғары өсу қарқыны бұрынғысынша құрылыс, ақпарат және байланыс, көлік салаларына тиесілі.

**Жиынтық ішкі сұраныс орнықты болып қалуда.** Сұранысқа бюджет шығыстарының артуы, тұтынушылық кредиттеу және шикізатқа жатпайтын сектордағы инвестициялардың кеңеюі әсер етуде.

Осы жылдың екінші тоқсанында азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын салаларда бөлшек сауданың өсу қарқыны жеделдеді. Тұтынушылық сұраныстың тұрақтылығы нақты

жалақының өсуіне, трансферттерге және тұтынушылық кредиттеудің белсенді түрде өсуіне негізделеді.

**Экономиканың шикізатқа жатпайтын секторларындағы инвестициялық белсенділік өсуін жалғастырып, 16,5%-ке ұлғайды.** Айтарлықтай өсу көлік, ақпарат және байланыс салаларында, сондай-ақ жекелеген қызметтер секторында байқалады.

Тамызда іскерлік белсенділіктің өсу қарқыны жақсарып, іскерлік белсенділік индексі 51,4%-ті құрады. Кәсіпорындардың болашақта бизнесті жүргізу шарттарына қатысты оң күтулері сақталуда. Іскерлік цикл көрсеткіштерінің өсу кезеңі жалғасатынын көрсетеді.

### **ҮШІНШІ. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРА.**

**Сыртқы инфляциялық қысым қалыпты.** Жаһандық инфляция жоғары мөлшерлемелердің әсерінен баяулап келеді.

Сыртқы ортаның негізгі тәуекелдері әлі де еліміздің басты сауда-экономикалық серіктесінің бірі Ресейдегі инфляция деңгейімен және геосаяси белгісіздікпен байланысты.

**ФАО азық-түлік бағаларының индексі** биылғы шілдеде астық бағасының арзандауынан аздап төмендеді. **Астықтың оң динамикасы** жер шарының солтүстігінде ұсыныстың маусымдық өсуіне және қолайлы ауа райына байланысты.

Дамыған елдердің орталық банктері **пайыздық мөлшерлемелерді жоғары деңгейде ұстап отыр.** Дегенмен,

ірі орталық банктер тарапынан соңғы шешімдерден ақша-кредит шарттарының жұмсарғанын байқауға болады.

**Еуроодақта жылдық бағаның өсуі** қызмет көрсету секторындағы баға қысымының жалғасуына байланысты шілдедегі қорытынды бойынша 2,8%-ке дейін жеделдеді. Маусымдағы мөлшерлеменің төмендеуінен кейін **Еуропа орталық банкі** инфляция мен еңбекпен қамтудың аралас деректеріне байланысты **күту позициясын ұстанады**.

**АҚШ-та да инфляция төмендеп келеді** – биылғы шілдеде **2,9%** дейін төмендеді. Инфляция динамикасы мен экономиканың өсу қарқынын ескеріп, Федералды резервтік жүйе негізгі мөлшерлеме бойынша болашақ шешімдерге қатысты оптимистистик позициясын ұстанады. Соңғы мәлімдемелерге сәйкес, Федералды резервтік жүйе ақша-кредит шарттарын жеңілдетуге біртіндеп ауысатыны туралы белгі берді.

Шілдеде **Ресейдегі инфляция жеделдеп**, 9,1%-ке жетті. Бұл Ресей Федерациясы Орталық Банкінің риторикасын едәуір қатаңдатуға және инфляция болжамдарын қайта қарауға алып келді. Ресейде негізгі мөлшерлеме 200 базистік тармаққа 18%-ке дейін көтерілді. Реттеушінің мәлімдеуінше, инфляцияны мақсатты деңгейге қайтару ақша-кредит саясатын одан әрі қатаңдатуды талап етеді. Яғни, Ресейде мөлшерлеменің алдағы уақытта өсу мүмкіндігі жоғары болып қалады.

**Мұнай бағасы барреліне шамамен 80 доллар** деңгейінде **белгіленді**. ОПЕК+ елдерінің мұнай өндірісін

қысқартуды ұзартуы және геосаяси шиеленістің сақталуы бағаларды ұстап тұруға септігін тигізеді.

Осы факторларды қоса алғанда, **базалық сценарийде 2024 жылға** Brent маркалы мұнайдың бағасы орташа есеппен **84,5 доллар деңгейінде** белгіленді. **2025 және 2026 жылдары – 82,5 және 77,5 долларға** дейін төмендету жоспарланды.

\* \* \*

**Енді макроэкономикалық көрсеткіштер болжамына тоқталып өтейін.**

**2024-2025 жылдарға** арналған инфляция бойынша болжам өзгеріссіз қалады – тиісінше **7,5-9,5%** және **5,5-7,5%** деңгейінде. Алайда, салық жинаудың қарқыны, бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығы және трансферттер көлемі болашақта фискалдық ынталандырудың артуына жоғарғы ықтималдығын көрсетеді. Мұндай тәуекелдің іске асуы біздің болжамдарымызды қайта қарау мүмкіндігіне триггер болып табылады.

**2026 жылға** арналған болжам **5-7%-ке** дейін кеңейтумен түзетілді. Негізгі себеп – салық заңнамасын реформалаудан туындаған фискалдық параметрлердің белгісіздігі. Өнім шығарудың проинфляциялық алшақтығы мен төмен еңбек өнімділігі инфляциялық қысымды күшейтіп, инфляцияның мақсатқа оралу қарқынын бәсеңдететін болады.

Сонымен қатар, ұстамды қатаң ақша-кредит саясаты **2026 жылы базалық инфляцияны 5%-ке** дейін бәсеңдетуге ықпал етеді.

Инфляция **болжамының негізгі тәуекелдері** ішкі сұраныс қысымының күшеюіне, инфляциялық күтулердің тұрақсыздығына және сыртқы инфляцияның жеделдеу мүмкіндігіне байланысты.

Тәуекелдерден – фискалдық алшақтық пен оны жабу құралдарын анықтаудағы мәселені айта кеткім келеді.

Біз жаңа Салық кодексінің жобасы аясында белгілі бір оң өзгерістерді көріп отырмыз, бірақ Үкімет тарапынан ұсынылған өзгерістер Ұлттық қордан түсетін трансферттерді ауыстыратынына толық ықпал ете алса, соны маңызды деп санаймыз.

Трансферт тарту ауқымын түсіну үшін – жыл басындағы елдегі барлық ақша массасына қатысты 13,8% құрады. Мұның бәрі, әрине, инфляциясыз өтпейді және соңында бизнес пен азаматтардың табысына әсер етеді.

Осыған байланысты халық пен бизнестің мүддесіне сүйене отырып, жалпылай бюджет кірісін, салық түсімін арттыру бойынша күрделі, бірақ керекті және маңызды жүйелі шаралардың қажеттілігі байқалады.

Бұл тұрғыда бюджеттік алшақтық біз үшін негізгі экономикалық параметрлерді болжаудағы белгісіздік факторы болып табылады.

**Қазақстан экономикасының 2024 жылы өсу болжамы 3,5-4,5% шегінде сақталған.** Биыл іскерлік белсенділік фискалдық шаралар, тұтынушылық сұраныстың өсуі және мұнайға жатпайтын сектордағы инвестициялық белсенділік есебінен ынталандырылатын болады. **2025 жылы болжам 5,1-6,1%-ке дейін арттыру** жағына қайта қаралды. **2026 жылдың соңына қарай** экономиканың жылдық өсімі **4,9-5,9% шегінде қалыптасады** деп күтілуде. 2025-2026 жылдары фискалдық мәселелермен қатар жалпы ішкі өнімнің өсіміне мұнай өндіруді ұлғайту, сондай-ақ Үкімет жүзеге асыруға жоспарланған шаралар арқылы қосымша үлес қосатын болады.

\* \* \*

### **Құрметті журналистер!**

Осы мүмкіндікті пайдаланып, мен қысқа әрі маңызды хабарландыру жасағым келеді.

Өздеріңіз білетіндей, біз үнемі коммуникациямызды жақсарту, саясатымыздың тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін іздейміз. Ішкі талқылаулар мен зерттеулерді талдау – бізді келешекте инфляциялық таргеттеудің үздік тәжірибелерін ескере отырып, инфляция мен экономикалық белсенділік болжамдарымен қоса базалық мөлшерлеменің траекториясы жөніндегі болжамдарын жариялау шешіміне әкелді.

Мөлшерлеме траекториясын жариялау болашақ пайыздық мөлшерлемелер туралы белгілер арқылы келешек ақша-кредит саясатының нарықтық күтулеріне әсер етеді және

бұл қаржылық активтерді тиімдірек бағалауға мүмкіндік береді. Болжамды жариялау, күтулерден нақты әрекеттерге трансмиссиясылау арқылы инфляция мен ЖІӨ құбылмалылығының төмендеуіне ықпал етеді.

Толығырақ келесі аптада осы қадамның мәні мен мақсаттарын ашатын қосымша ақпараттық материалдардан біле аласыздар. Базалық мөлшерлеме болжамы ағымдағы жылдың 9 қыркүйегінде жария етілетін Ақша-кредит саясаты туралы баяндаманың құрамына енгізілетін болады.

\*\*\*

Біздің басты мақсатымыз – ортамерзімді келешекте инфляцияны 5% деңгейінде ұстау.

Жаңартылған болжамдар мен ағымдағы инфляциялық үдеріс ұстамды қатаң ақша-кредит шарттарын ұзақ уақыт сақтау қажеттігін көрсетеді.

Біз өз мандатымызға сәйкес ақша-кредит саясатын келіп түсетін деректер мен тәуекелдер балансына бейімдей отырып, инфляцияны **5%-тік** мақсатты деңгейге жылдам қайтару үшін бар күшімізді саламыз.

**Назарларыңызға рақмет!**

**Енді Сіздердің сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз.**